КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 7 қараша Іс № 5501-24-00-2/3390 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Амина» жеке кәсіпкернің атынан Джанат Ешмахамбетович Ескожаев

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Амина» жеке кәсіпкернің атынан Джанат Ешмахамбетович Ескожаевқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Амина» жеке кәсіпкернің атынан Джанат Ешмахамбетович Ескожаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Амина» жеке кәсіпкернің атынан Джанат Ешмахамбетович

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ескожаевтан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 07.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Магзумов Е. Т., 17.12.2024